



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

22 шілде
сенбі

№57 (1964)

2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Биыл қалада құрылыс қарқынды жүруде. Тұрғындар сұранысына сай салынып жатқан әлеуметтік нысандар, инфрақұрылымды жақсарту мақсатындағы жұмыстар, қала көшелерін жөндеу, кеңейту жұмыстары, шет аймақтағы көлік қатынасын жақсартудағы аспалы көпірлердің құрылысы биылғы жаздың басты көрінісіне айналған. Қаланы көркейту, дамыту, тұрғындар мен қонақтарға қолайлы жағдай қалыптастырудағы атқарылып жатқан ауқымды істер соңғы жылда үрдіске айналғандай. Соңғы 5 жылдағы шаһар келбеті, тазалығы көпшіліктің көңілінен шығуда. Екі ғасырлық тарихы бар шаһардың замана көшінен қалыс қалмай өркеніетпен бірге өркендеуі болар, соңғы үлгідегі ғимараттар бой көтеруде.



Көктем басталысымен Бейбарыс сұлтан көшесін қайта жаңғырту, жол бойын төрт және алты жолаққа кеңейту, облыс әкімдігі алдындағы қоршауларды алып скверге айналдыру сынды бірқатар жұмыстар басталған-ды. Одан бөлек «Бөйтерек» шағын ауданында қалаға қатынау үшін көлік және жаяу жүргіншілер көпірінің іргесі қаланып, белкөздіктер үшін біраз уақыттан бері базаныа айналған теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі пайдалануға берілді. Аталған құрылыс жұмыстарына ұлттық қор мен облыстық бюджеттен 476 млн теңге қаралды. Қазіргі таңда F.Мұратбаев пен Яссауи көшесінің киылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы жүргізілуде. Оған ұлттық қор және облыстық бюджеттен 320,6 млн теңге қаражат бөлінген.

Осы сынды толымды тірліктер құрылыстың қарқын алуына сеп болды. Одан бөлек заманауи үлгіде бой көтеретін әлеуметтік нысандар қала сәулетін еселей түспек. Әсіресе Бейбарыс сұлтан көшесі қайта жаңғыртудан өткен соң сәулеті мен сәні келіскен қаланың басты көшелердің біріне айналмақ.

Бүгінде қолға алынып, атқарылып жатқан жұмыстың бір парасы осындай. Айта кетерлік жайт, қаланы көркейту шарасы мұнымен шектелмек емес. Алдағы уақытта орталық алаң аумағы абаттандырылып, көркі көз тартар орынға айналады деп күтілуде. Бұл туралы қала әкімдігі «facebook» желісіндегі ресми парақшасында жариялады. Жағымды жаңалық көптің көңілінен шыққандай, орталық алаңның әсем орына айналарына сенім артқандар көп.

Осыған байланысты апта басында қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай БАҚ өкілдерімен кездесіп, орталық алаңның макетімен таныстырды.

2 БЕТТЕ

Қала әкімдігінде аппарат мәжілісі өтті. Жиынға төрағалық еткен қала әкімі Асылбек Шәменов күн тәртібіндегі екі мәселені қарады.

МӘСЕЛЕНІҢ БӘРІ ӨЗЕКТІ

Мәжілісте қаралған бірінші мәселе бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Роза Жүнісова мемлекеттік сатып алу процестері аясында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, мемлекеттік сатып алу веб-порталында қала әкімдігіне қарасты бөлімдердің өтінімдері бойынша 360 конкурс жарияланған. Оның ішінде 335 конкурс бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталып, әлеуетті өнім берушілер мен мердігер мекемелер анықталған. Ал 4 конкурс бойынша тапсырыс берушілердің өтінімдерінде бұзушылықтар анықталуына байланысты облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының тарапынан мемлекеттік сатып алулар тоқтатылғаны айтылды. Осы орайда қала әкімі Асылбек Өмірбекұлы жауапты сала басшыларына аталған кемшіліктерді жойып, мемлекеттік сатып алу жұмысына мониторинг жүргізуді жалғастыруды жүктеді.

Ал күн тәртібіндегі екінші мәселеде мүгедектігі бар азаматтарға көрсетілген қызмет туралы қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева баяндама жасады. Сала бойынша халыққа көрсетілетін 28 мемлекеттік қызметтің 8-і мүгедектігі бар азаматтарды оңалтуға арналған.

Олардың құқығын қамтамасыз ету, өмір сүру сапасын жақсарту және қоғамдық өмірге интеграциялау бағытында жыл басынан бері «Әлеуметтік қызметтер» порталы арқылы 10 642 адамнан өтінім түссе, оның 8 731 өтінімі орындалған. Одан бөлек, мүгедектігі бар балаларды үйде оқытып, тәрбиелеу, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, мүгедектігі бар адамдарға келергісіз орта қалыптастыру, олардың жұмыспен қамтылуы, «Инватакси» қызметі, «Тен Qogam» әлеуметтік жобасы, қайырымдылық көмектер бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізіліп келеді.

Салала атқарылған жұмыстарды мұқият бағамдаған қала әкімі бұл мақсатта алдағы уақытта ауқымды жұмыстар атқарылуы тиіс екендігін атап өтті. Сондай-ақ тиіс сала басшыларына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Биыл облыста «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» және «Ауыл ел бесігі» бағдарламалары бойынша 23 жоба жүзеге асырылмақ. Бүгінде аймақтағы 230 елді мекеннің 98,1 пайызында ауызсу мәселесі оң шешім тапқан. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу межесі тұр. Жобаны жүзеге асыру барысында жыл соңына дейін ауыл халқының 98,4 пайызы таза ауызсумен қамтылады деп күтілуде.

Ауызсу мәселесін шешуде 23 жоба жүзеге аспақ



Алдағы бес жылда халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету Мемлекет басшысының тапсырмасы. Соған сәйкес биыл облыста 23 жоба қолға алынған. Оның 14-і биыл орындалуы тиіс. Нәтижесінде 163 шақырым ауызсу, 6 шақырым кәріз желілері, 4 дана су кешені, 12 дана кәріздік насос станциялары жаңартылып, 7 ұңғымаға бұрғылау жұмыстары жүргізіледі деп жоспарлануда.

Ал қала тұрғындарына қазіргі таңда 70 ұңғыма арқылы тәулігіне – 54,0 мың текше метр және «Бас тоған» су станциясы арқылы – 53,8 мың текше метр, барлығы 105,8 мың текше метр ауызсу беріледі.

Бүгінде қаламызда құрылыс қарқын алуына 2019 жылдан бастап тұрғындарға ауызсу жер үсті және жер асты су алу көздерінен беріледі. Былтыр Сырдария өзенінен – 4,7 млн. текше метр су алына, ал ауызсу ұңғымаларынан – 14,7 млн. текше метр су қажеттілікке өтелді. Тұрғындарға беріліп жатқан ауызсу сапасы зертхана мамандарымен күнделікті тексеріледі. Сондай-ақ қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен қадағаланады. Өздеріңіз білетіндей, жаз мезгілінде тұрғындардың суға деген қажеттілігі артады. Осының әсерінен көпқабатты тұрғын үйлерде ауызсу қысымы төмендеп, тұрғындар тарапынан шағым көбейеді. Сондықтан суды барынша үнемдеп тұтынуға шақырамыз, – дейді қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай.

Соңғы жылдары су тапшылығы өзекті мәселеге айналып, мамандар суды үнемдеп пайдалануды ескертуде. Бұл ретте «Қызылорда су жүйесі» КММ директорының міндетін атқарушы Нұрлан Өтепов мекеменің орталық ауызсу жүйелеріне қосылған 84 мыңнан астам тұтынушыға қызмет көрсететінін айтады. Мекеме төңірегінде 908,07 шақырым ауызсу жүйесі, 105 ұңғыма, 10 дана ІІ-ші су көтеру насос станциялары, 67 бірлік кәріз насос станциялары, 453,24 шақырым кәріз су жүйесі бар. Облыс тұрғындарын сапалы ауызсумен үздіксіз қамтамасыз етуде аталған мекеме мамандары тұрақты бақылау жасайды.

«Ақмешіт-ақпарат»



ЖАҢАРҒАН БАТЫР АУЫЛЫ

Бұл аптадағы бағытымыз – Баймұрат батыр ауылы. «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасына орай қалаға қарасты ауылдардың тыныс-тіршілігін, саралап шығамыз. Кезінде гүлама Баласағұн «Болашақ өткен өмір тарихын білуден басталады» деген екен. Мақсатымыз – ауылдың өткен шағы мен жаңарған келбетін көзбен көріп, көңілге түю, бүгінгі ауыл бейнесін сол калпында оқырманға жеткізу.

Күре жолдың бойында орналасқан, жүргінші елдің назары ауатын ауыл осы – Баймұрат батыр атындағы ауыл. Ал округ атауы – Ақжарма. Ол 1979 жылы құрылған. Халқы санаулы Құбас, Қалғандария секілді ауылдар Талдыаралға қосылған. Сол Талдыарал Ақжарманың құрамына кіретін ауылдың үлкені.



3 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

БЕСІК ЖАСАУ – БЕРЕКЕЛІ ІС



Халқымызда бесік киелі мүлік саналады. Қазақ тұрмысында дүние есігін ашқан сәбидің өсіп, жетілуінде бесіктің алар орны ерекше болған. Бесікке бөленген баланың ұйқысы тыныш, төсегі таза, әрі сыртқы сұқ көзден, жаман энергиядан, өзге де қауіпті жағдайдан қорғалады деп сенген жұртымыз оны киелі санаған.

Көшпелі өмір сүрген баба мұрасы күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Өркеніетті заманда сәбиге арналған небір бұйымдар шықса да, бесікті алмастыра алған жоқ. Себебі жұртшылықтың оған сұранысы жоғары. Ал қалада бесік сатушылар көп болғанымен, оны қолдан жасайтындар некен-саяқ. Солардың бірі – Қожахметовтер отбасы.

4 БЕТТЕ

Шаһардағы ауқымды іс шараны айтпағанда жазды күндері халықтың таза ауада серуендеп, көп шоғырланатын орнының бірі – орталық алаң. Осыдан біраз жыл бұрын қала әкімдігінен бастап Қорқыт ата көшесіне дейінгі аралық абаттандырылып, «Арбат» атауына ие болған еді. Игілікті іс енді Қорқыт ата көшесінен Орталық алаңға дейін жалғасын таппақ.

– Шілде айының 20-сынан бастап қаланы көркейту мақсатында орталық алаңды абаттандыру жұмыстары жүргізілмек. Бұл ретте Қорқыт ата көшесі мен Ы.Жақаев көшесінің қиылысынан бастап кіші архитектуралық нысандар салынып, «AMANAT» партиясы облыстық филиал ғимаратының алдына көркейту көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, орталық алаңға дейінгі аумақ абаттандырылады. Қазіргі таңда бұл жоспарды жүзеге асыру үшін сәулеттік жобасы әзірленіп, облыстық бюджеттен тиісті қаражат бөлінді. Құрылыс жұмыстары жыл аяғына дейін аяқталады деп жоспарлануда, – дейді қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Бақтығалиұлы.

Бүгінде құрылыс жұмыстарын бастау үшін ел арасында «Ромашка» аталып кеткен субұрқақ маңы мен «AMANAT» партиясы облыстық

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ



филиалының аумағы қоршалған. Негізгі жұмыс «Ромашка» субұрқағынан басталмақ. Мұнда субұрқақтың гүл тәріздес символы сақталып, айналасы абаттандырылады. Сонымен қатар Арбат аумағы қайта жаңғыртылып, заманауи үлгідегі орындықтар орнатылып, резеңке брусчатка төселіп тұрғындардың серуендеуіне қолайлы жағдай жасалады. Оған қоса жастардың белсенді демалысы үшін спорттық ойын алаңы да жабдықталмақ.

Ал «AMANAT» партиясы облыстық филиал ғимаратының алды нағыз көгалды орынға айналмақ. Бұл жерге түрлі гүлдер, көшеттер егіліп, газон төселіп, орындықтар, архитек-туралық пішіндер, жанға сая болар шатырлар, жолжиек тастар орнатылады деп күтілуде. Сонымен бірге бірнеше субұрқақ бой көтеріп, аптап ыстықта салқын, самал ауамен тыныстауға сеп болмақ.

Тағы бір айта кетер жайт, қала жұртшылығын сол аумақтағы ағаштардың жайы алаңдатуда. Бірнеше жылда ыстықта сая боларлықтай өсіп қалған талдарды кесіп тастай ма деген алаңдаушылық білдіргендер де бар. Қала әкімінің орынбасары бұған алаңдауға негіз жоқ екенін атап өтті. Яғни мұндағы ешбір ағаш кесілмейді.

Орталық алаңды абаттандыру жұмысы облыс әкімінің тікелей бастамасымен жүзеге аспақ. Ол үшін облыстық бюджеттен құны 2,8 млрд теңгені құрайтын жобаның 1 млрд теңге қаржысы бөлінген. Осы орайда туған жерді түлетуде аянбайтын қала кәсіпкерлерінің жомарттығы мен еңбегін ерекше атап өткен жөн. Абаттандыру жұмысына кәсіпкерлер де демеушілік жасайды. Айта кету керек, бұған дейін де қаладағы бірнеше көпқабатты үйдің сырты заманауи панельмен қаптауға кәсіпкерлер өз қаражаты есебінен демеушілік жасаған еді.

Ал игілікті жобаны 4 ай көлемінде жүзеге асыру жауапкершілігі «Техоснастка-ремсервис» ЖШС мердігер мекемесіне жүктелген. Бүгінде жауапты мекеме құрылыс жұмыстарын бастап кетті.

А.ӘЛІМ

Басы 1-бетте

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің 2023 жылғы II-тоқсан бойынша қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерінде көтерілген мәселелер бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат

№	Іс-шара мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындалу барысы	Жауапты
Қызылорда қаласы				
	Абай атындағы мектеп орналасқан Түркістан көшесінің жол кептелісі мәселесін шешу жолдарын қарастыру	Тамыз айы	Абай атындағы мектеп жанындағы автотұрақты қала көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары есебінен асфальттау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Жұмыстар шілде-тамыз айларында орындалатын болады.	Ғ.Еркебай А.Жаназаров (келісім бойынша) Ж.Файзуллаев
	О.Нұрхабаев көшесін жарықтандыру мәселесі	Желтоқсан айы	Нұрхабаев көшесіне жарық бағаналарын орнату үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы бөлуге ұсынылды. Қажетті қаражат көлемі бөлінгеннен кейін, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай Д.Ермеков Ж.Файзуллаев Г.Баймаханова
	С.Жүнісов пен Б.Нұрпейісов көшелерінің қиылысына ағымдағы жол жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі	Шілде айы	С.Жүнісов пен Б.Нұрпейісов көшелерінің қиылысындағы бұзылған асфальт қабатын қалпына келтіру жұмыстары шілде айында жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
	С.Торайғыров көшесі №59 көппәтерлі тұрғын үйдің шатырына қайта жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі	Қыркүйек айы	Мердігер мекеме «Құрылыс монтаж Консалтинг» ЖШС-не шатыр жұмыстарын қалпына келтіру туралы бірнеше рет ескерту хат берілген. Алайда, қалпына келтіру жұмыстарын бастамағандықтан ҚР заңдылықтарына сәйкес «Құрылыс монтаж Консалтинг» ЖШС-н сот органдары арқылы талап етуге талап арыз жазылды. Бүгінгі күні, демеушілік тарапынан Торайғыров көшесі №59 көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын қалпына келтіру мақсатында қаңылтыр жабындысы алынды. Ендігі ретте демеушілерге ағаш (стропила) алуға сұраныс берілді. Қалпына келтіру жұмыстары қыркүйек айында аяқталуды деп жоспарлануда.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев м.а. Б.Әбдіғалпарұлы
	Күлтегін көшесіне орташа жол жөндеу (асфальт) жұмыстарын жүргізу мәселесі	Шілде айы	Күлтегін көшесіне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қалалық бюджеттен 51,2 млн. теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы нәтижесінде «Ақнұр Авто» ЖШС-мен келісім шарт жасалды. Құрылыс-монтаж жұмыстары шілде айында жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
	КБИ тұрғын ауданына қатынайтын №7 бағытты үлкен сыйымдылықтағы автобустармен толықтыру мәселесі	Қыркүйек айы	Қазіргі таңда, қалалық бағыттағы қоғамдық көліктерді кезек-кезеңімен үлкен сыйымдылықтағы автобустармен ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Осы ретте, жыл соңына дейін қосымша 150 дана автобус алыну жоспарлануда. Автобустар алынғаннан кейін, №7 бағытқа үлкен сыйымдылықтағы автобустар жүргізу қарастырылатын болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев М.Жүсіп
	Мерей мәлтек ауданындағы №211 мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі	Тамыз айы	Қазіргі таңда №211 мектепке мектеп әкімшілігі тарапынан сырлау, өктуе жұмыстары жүргізілуде, аяқталу мерзімі – шілде айының аяғы.	Ж.Сейілов Е.Боданов (келісім бойынша)
	Мерей мәлтек ауданы №20 көппәтерлі тұрғын үйінің өкірісіне улау, тазалау жұмыстарын жүргізу мәселесі	Тамыз айы	Мерей мәлтек ауданы №20 көппәтерлі тұрғын үйінің өкірісіне шілде айының аяғына дейін улау, тазалау жұмыстары жүргізілетін болады.	Д.Ермеков А.Рысбек
	Мерей мәлтек ауданы №19 көппәтерлі тұрғын үйдің ауласындағы балалар ойын алаңына көгал (газон) төсеу мәселесін қарастыру	Тамыз айы	Қазіргі таңда жергілікті бюджеттен 30,0 млн. теңге қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып нәтижесі күтілуде. Мердігер мекеме анықталғаннан кейін қала бойынша тозығы жеткен көгалдарды ауыстыру жұмыстары жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
	Ақмешіт №1 мекенжайында орналасқан «Айерке» шағын маркеті мен «Ақүйк» сауда орталығының алдындағы автотұрақты ойылған жерлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі	Тамыз айы	Ақмешіт №1 мекенжайында орналасқан «Айерке» шағын маркеті мен «Ақүйк» сауда орталығының алдындағы автотұрақты ойылған жерлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында кәсіпкерлік нысан иелеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді.	Ғ.Еркебай Д.Ермеков Д.Сырлыбаев Б.Томбаханов Б.Аманкелдиев Ж.Файзуллаев
	Ақмешіт мәлтек ауданы №1,2,3 көппәтерлі тұрғын үйлердің ауласындағы жаттығу алаңының маңына демалыс орындықтарын (скамейка) орнату мәселесін қарастыру	Шілде айы	Ақмешіт мәлтек ауданы №1,2,3 көппәтерлі тұрғын үйлердің ауласына демалыс орындықтары (скамейка) қойылды.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев
Тасбөгет кенті				
	Кенттегі Жүнісбаев, Баймағанбетов көшелеріндегі құрап, сынған ағаштарды алып, тазарту жұмыстарын жүргізу мәселесі	Маусым айы	Кенттегі Жүнісбаев, Баймағанбетов көшелеріндегі құраған және тұрғындардың көшеге шығарған ағаштары арнайы қоқыс полигонына шығарылып тазалау жұмыстары жүргізілді.	Ғ.Еркебай С.Сыздықов
	Орталық алаңда орнатылған камералардың тұрақты жұмыс істеуін қадағалап, кешілік уақыттағы кезекшілік учаскелік полиция қызметкерлерінің жұмысын күшейту мәселесін қарастыру	Маусым айы	Кенттің орталық алаңында орнатылған бейнебақылау камералары тұрақты түрде жұмыс жасауда. Сонымен қатар Тасбөгет кентінің полиция бөлімімен кезекшілік ұйымдастырылып, кешкі уақытта аралау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде.	А.Жаназаров (келісім бойынша) С.Сыздықов
	Жанкин көшесін жарықтандыру мәселесі	Желтоқсан айы	Кенттегі 6 көшеге (оның ішінде Жанкин көшесі енгізілген) жарық бағандарын орнату мақсатында жалпы жоба құны 178,4 млн. теңгеге облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім берілді. Бюджеттен қаржы бөлінген кейін жарық бағандары орнатылатын болады.	Ғ.Еркебай Д.Ермеков Ж.Файзуллаев Г.Баймаханова С.Сыздықов
Бөлкөл кенті				
	Орталық көшесіне аяқ су жүргізу мәселесі	Қазан айы	Орталық көшесіне аяқ су жүргізу жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары әзірленгеннен кейін, қалалық экономика және қаржы бөліміне бюджеттік өтінім қыркүйек айында ұсынылатын болады.	Ғ.Еркебай Д.Ермеков Г.Баймаханова Ж.Сәду
	Әбдіқадыров көшесіндегі «Әмина-Жұлдызай» ойын алаңының үстінен жүргізілген электр желілерін ретке келтіру мәселесі	Шілде айы	Әбдіқадыров көшесіндегі электр желісін қалпына келтіру жұмыстары басталуда (10/0,4 кВ әуе желісінен шығатын материалдармен жабдықталатын болады). Үстіздегі жылдың шілде айының аяғында жұмыстар толығымен аяқталатын болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев Е.Каленов (келісім бойынша) Ж.Сәду
	№3 көшедегі ТП-156 подстанциясын ауыстыру мәселесі	Тамыз айы	Қазіргі таңда №3 көшедегі №156 қосалқы станциясына «ҚЭТТК» АҚ тарапынан толығымен жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылдың тамыз айында жөндеу жұмыстары аяқталатын болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев Е.Каленов (келісім бойынша) Ж.Сәду
	Бірказан елді мекеніндегі балалар ойын алаңына көгал (газон) төсеу мәселесін қарастыру	Тамыз айы	Бірказан елді мекеніндегі балалар ойын алаңына көгал (газон) төсеу жұмыстары демеушілік тарапынан тамыз айының аяғына дейін жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай Ж.Сәду
Қосшыңырау ауылдық округі				
	«Бәйтерек» тұрғын ауданына қатынайтын №22 бағыттағы қоғамдық көліктің Досан елді мекеніне дейінгі баратын схемасы жасалып, жүру сызыбасына сәйкес арақашықтығы ұзақ болуына орай қосымша жаңа бағыт қосу жұмыстары тамыз айының аяғына дейін орындалатын болады.	Тамыз айы		Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев М.Жүсіп С.Әбдіқадыров

Ауылдық округке қажетті жабық спорт кешенінің жоба-сметалық құжатын әзірлеу мәселесі	Жыл көлемінде	Қосшыңырау ауылдық округіне жабық спорт кешенінің жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу мақсатында қалалық құрылыс бөлімі арқылы қажетті 8,7 млн. теңге қаржыға қалалық бюджетке өтінім ұсынылды.	Д.Ермеков Ғ.Еркебай С.Әбдіқадыров Г.Баймаханова А.Әнуар
Досан елді мекеніндегі балалар ойын алаңына жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мәселесі	Шілде айы	Досан елді мекеніндегі балалар ойын алаңына жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу мәселесі бойынша 2023 жыл басына қалыптасқан 593,9 мың теңге қаржы бағытталып, қазіргі таңда «Алдоңғар»ЖҚ-мен 04.07.2023 жыл №54 келісім шарт жасалып, жұмыстар басталуда.	Ғ.Еркебай С.Әбдіқадыров Ж.Файзуллаев
Қарауылтөбе ауылдық округі			
Ауылдық округтегі автокөліктердің жүру жылдамдығына жүйелі түрде рейдтік шараларды күшейту мәселесі	Маусым айы	Автокөлік жолдарындағы тәртіпті күшейту, жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған рейдтік шаралар тұрақты түрде жүргізілуде.	Ғ.Еркебай А.Жаназаров (келісім бойынша) Е.Ахетов
Қызылжарма ауылдық округі			
Ауылдық округке қатынайтын №20 бағыттағы қоғамдық көліктің бағытын ауыл тұрғындарының сұранысы бойынша өбенов көшесінің аяғына дейін жүргізу мәселесі тамыз айының аяғына дейін орындалатын болады.	Тамыз айы	Ауылдық округке қатынайтын №20 бағыттағы қоғамдық көліктің бағытын ауыл тұрғындарының сұранысы бойынша өбенов көшесінің аяғына дейін жүргізу мәселесі тамыз айының аяғына дейін орындалатын болады.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев М.Жүсіп М.Сейілов
Ауылдық округтің шеткі аумағына ауыз су ұңғымасын (скважина) орнату мәселесі	Қыркүйек айы	Ауылдық округте «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің төңірегіндегі 4 дана су ұңғымасы орналасып, қазіргі таңда тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз етуде. Бүгінде округтің аумағы мен халық саны ұлғайып, жаз мезгілінде ауыз су тапшылығы орын алуда. Аталған мәселені шешу мақсатында қазіргі уақытта қалалық құрылыс бөлімі арқылы 3 дана ауыз су ұңғымса салуға жоба-сметалық құжаттары әзірленді, қазіргі таңда мемлекеттік сараптама қорытындысын алу жұмыстары жүргізілуде (мерзімі: қыркүйек айы).	Ғ.Еркебай А.Әнуар М.Сейілов
Ауылдық округ бойынша электр желілерін жүргізу мәселесі	Тамыз айы	Қызылжарма ауылдық округінде 22 көшеге электр желісі құрылысы жобасының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленді. Қазіргі таңда республикалық бюджеттен қажетті 621,0 млн. теңге қаржы қарастыруға бюджеттік өтінім ұсынылды. Сонымен қатар 67 көшеге электр желісі құрылысы жобасының жоба сметалық құжаттамасы әзірленуде.	Ғ.Еркебай А.Әнуар М.Сейілов
Ұстабаев көшесіндегі көпқабатты тұрғын үй ауласына балалар ойын алаңын салу мәселесін қарастыру	Жыл көлемінде	Қазіргі таңда жобалаушы мекеме тарапынан округтегі Ұстабаев көшесінің бойынан спорт алаңы және балалар ойын алаңын салу жұмыстарына жоба сметалық құжаттары мен мемлекеттік сараптама қорытындысын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде (мерзімі: 25 шілде). Құжаттамалары әзірленгеннен кейін құрылысына қажетті 143,3 млн. теңге қаражатқа облыстық бюджетке өтінім ұсынылатын болады.	Д.Ермеков Г.Баймаханова М.Сейілов
Қызылөзек ауылдық округі			
Абылайхан көшесіне жаяу жүргіншілер жолын (тротуар) салу мәселесі	Тамыз айы	«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Абылайхан көшесіне 1,4 шақырым жаяу жүргіншілер жолын (тротуар) салуға 24,081 млн. теңге қаражат бөлініп, мердігер «SK ORDA CAPITAL» ЖШС мекемесімен келісім-шарт жасалды. Құрылыс-монтаж жұмыстары шілде-тамыз айларына жоспарланған.	Ғ.Еркебай С.Әбдіжаппар
Талсуат ауылдық округі			
Ауылдық округке 1 дана аяқ су насосын орнату мәселесін қарастыру	Маусым айы	Ауылдық округтегі аяқ су мәселесін шешу мақсатында қосымша 1 дана насос орнату үшін жұмыстар жүргізіліп, қазіргі таңда демеуші тарапынан 1 дана насос қамтамасыз етілді.	Ғ.Еркебай А.Жылқыбай
О.Сауытбаев тұйығы көшесінің 10 кВт әуе желісін ретке келтіру мәселесі	Тамыз айы	О.Сауытбаев тұйығына үстіздегі жылдың тамыз айында «ҚЭТТК» АҚ тарапынан күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Қазіргі таңда, қажетті материалдардың есептемесі жүргізілуде.	Ғ.Еркебай Ж.Файзуллаев Е.Каленов (келісім бойынша) А.Жылқыбай
Ауылдық округтің шет аумағында орналасқан облыстық балалар оңалту орталығы маңына аялдама орнату мәселесі	Шілде айы	Ауылдық округтің шет аумағында орналасқан облыстық балалар оңалту орталығы маңына 1 дана аялдама орнатылды.	Д.Ермеков Ж.Файзуллаев А.Жылқыбай
Ақжарма ауылдық округі			
Ауылдық округтің шет аумағындағы көшелерге орташа жол жөндеу (асфальт) жұмыстарын жүргізу мәселесін қарастыру	Жыл көлемінде	Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылының шет аумағындағы 3 көшеге орташа жол жөндеуге жобалық сметалық құжаттары дайындалып, қазіргі таңда сараптамадан өткізу жұмыстарына қажетті 1,5 млн. теңге қаражатқа қалалық бюджетке өтінім ұсынылды.	Ғ.Еркебай Д.Ермеков Г.Баймаханова С.Әбдіреев
Электр бағандарына жаңадан орнатылған электр есептегіш (смарт счетчик) құралдары арқылы электр энергиясына төленген төлемәкылар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін қала әкімінің 2023 жылғы 19 шілдесінде №158 өкімімен жұмысшы тобы құрылды. Одан бөлек, жаңадан орнатылған электр есептегіш (смарт счетчик) құралдары мен электр энергиясына төленген төлемәкылар бойынша «КРЭК» АҚ-ның басшысы Б.Қарақөзов, «Энергосервис» ЖШС-сі, Қалалық электр тарату орталығының арнайы басшылары мен мамандарынан 04.07.2023 жылы ауыл тұрғындарымен кездесу өткізіп, тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.	Шілде айының 1-ші онкүндігі	Электр бағандарына жаңадан орнатылған электр есептегіш (смарт счетчик) құралдары арқылы электр энергиясына төленген төлемәкылар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін қала әкімінің 2023 жылғы 19 шілдесінде №158 өкімімен жұмысшы тобы құрылды. Одан бөлек, жаңадан орнатылған электр есептегіш (смарт счетчик) құралдары мен электр энергиясына төленген төлемәкылар бойынша «КРЭК» АҚ-ның басшысы Б.Қарақөзов, «Энергосервис» ЖШС-сі, Қалалық электр тарату орталығының арнайы басшылары мен мамандарынан 04.07.2023 жылы ауыл тұрғындарымен кездесу өткізіп, тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.	Ғ.Еркебай С.Әбдіреев Ж.Файзуллаев Е.Есенбаев (келісім бойынша) Е.Каленов (келісім бойынша)
Ауылдық округке қатынайтын жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу мақсатында қалалық құрылыс бөлімі арқылы қажетті 8,7 млн. теңге қаржыға қалалық бюджетке өтінім ұсынылды.	Жыл көлемінде	Ауылдық округтегі аяқ су мәселесін шешу мақсатында қосымша 1 дана насос орнату үшін жұмыстар жүргізіліп, қазіргі таңда демеуші тарапынан 1 дана насос қамтамасыз етілді.	Ғ.Еркебай Д.Ермеков Г.Баймаханова С.Әбдіреев
Ауылдық округтің шет аумағында орналасқан тұрғын үйге электр бағаналарын ауыстыру мәселесін қарастыру	Тамыз айы	Қалалық электр желілер тарату мекемесінің арнайы мамандары тарапынан электр бағанасын ауыстыру жұмыстары тамыз айында жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай А.Әнуар С.Әбдіреев
Ақсуат ауылдық округі			
Наурыз тұрғын ауданы көшелеріне орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу (асфальт) мәселесі	Тамыз айы	Ақсуат ауылдық округіндегі жаңадан қоныстанушы тұрғындар тұратын (Наурыз тұрғын ауданы) көшелерге орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында көшелерге зерделеу жұмыстары жүргізіліп, «Ауыл - ел бесігі» жобасы аясында 79 млн. 941 мың теңгеге 2,9 шақырым болатын 3 көшеге (Ә.Құдабаев, Ш.Беркінов, №17 көшелерге) орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында мемлекеттік сатып алу Заңдылығына сәйкес мердігер мекемелері «ҚызылордаТраст» және «АқнұрАвто» ЖШС-гі анықталып, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сондай -ақ, жол жөндеуді қажет ететін көшелерге жол жөндеу жұмыстарын жүргізу кезең-кезеңімен бюджет қаражатының мүмкіндігіне сәйкес жүргізілетін болады.	Ғ.Еркебай Н.Бақыт
Наурыз тұрғын ауданы, 5-ші көшенің аяқ жағына ауыз су желісін жүргізу мәселесін қарастыру	Қазан айы	Ақсуат ауылдық округін Наурыз тұрғын ауданы, 5 көшенің аяқ жағына ауыз су желісін жүргізу жобасының жоба сметалық құжаттамасын әзірлеу мақсатында жоба - іздегіру жұмыстары жүргізілуде. Жоба-іздегіру жұмыстары аяқталғаннан кейін қажетті қаржыға қыркүйек айында бюджеттік өтінім берілетін болады.	Ғ.Еркебай Н.Бақыт А.Әнуар

ЖАҢАРҒАН БАТЫР АУЫЛЫ

Одаққа танылған – машина сынау станциясы

Кезінде аймақтық машина сынау станциясы болып одаққа танылған ауылдың тарихы терең. XX ғасырдың 50-60 жылдары Қазақстан бойынша екшеп алынған Қызылорда облысы Ресей, Украина, Өзбекстан одақтас республикасымен иық тіресіп, кеңес одағындағы күріш егілетін негізгі аймақтардың бірі саналған.

Осы мақсатта Қазақ ССР-і Үкіметі мен ККП Қызылорда облыстық комитетінің ұсынысын ескере отырып, 1958 жылы тамыз айында Қызылорда мемлекеттік аймақтық машина сынау станциясы мен оның тәжірибе шаруашылығын құру туралы КСРО ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы шығады.

Әуелгі кезде ол қаладағы жөндеу шеберханасының (ПТС) базасында болған. Көп ұзамай МИС пен оның тәжірибе шаруашылығына қажетті жер телімі бөлінген соң бұрынғы Сырдария ауданының аумағынан жер бөлініп, қазіргі ауыл қоныстанған жерге көшірілген.

Кезінде КСРО ауыл шаруашылығы министрлігінде, кейінірек «Союзсельхозтехника» бірлестігінде жаңа техниканы сынау және оны өндіріске енгізу жөніндегі бас басқарма болған. Оның құрамында 34 аймақтық машина сынау станциялары, екі ғылыми зерттеу сынақ институттары болған. Машина сынау станциясына керекті қаржы одақтық бюджеттен бөлініп отырған.

Машина сынау станциясының құрамында 10 сынақ лабораториясы мен бөлімі, тәжірибе залы мен шеберхана, көшпелі сынақ лабораториясы болды. Мұнда 100-ден астам инженер-техник қызметкер, өндіріс маманы жұмыс істеді.

50 жылдық тарихы бар станцияда мемлекеттік сынақтан мыңдаған ауыл шаруашылығы машиналары өтіп, өндіріске енгізілді. Жыл сайын мұнда техниканың 50-60 маркасы сыналатын. «Сибирек», «Енисей», «Колос», «Дон», «Кубань» комбайндары, Т-150, Т-150К, Т-4А, МТЗ-82РВ, МТЗ-102РВ тракторы машина сынау станциясында сыналды, қолданысқа енгізілген.

Машина сынау станциясы одақтағы аты әйгілі ғылыми-зерттеу институттарымен бірге қоян-қолтық жұмыс істеді. Олардың қатарында Харьков трактор заводы (МТЗ), «Ростсельмаш», «Краснодарсельмаш», «Красноярсельмаш» сияқты ірі кәсіпорын мамандары болды. Жыл сайын жүздеген инженерлер, механизаторлар көршілес республикадан келіп дайындықтан өткен.

Машина сынау станциясы базасын пайдаланып ғылыми диссертация қорғағандар да аз болмады. Мұнда бірнеше ғылым кандидаттары жұмыс істеген. Станцияны ұзақ жыл басқарған Жетібай Өндіріс техника ғылымдарының кандидаты атанды. Машина сынау станциясын В.Пак, К.Сидоренко, Ким-Дон Чер, Л.Ким, М.Қалиев сияқты білікті басшылар басқарды.

Тәжірибе шаруашылығы өз өндірістік жоспары, арнайы есеп шоты бар есептегі дербес шаруашылық болатын. Ол республикадағы алдыңғы қатарлы шаруашылық болды. Станцияның өз құрылыс бөлімі болды. Ауылдың құрылысы, тұрғын-үй коммуналдық саласы осы бөлімге қараған. МИС ауылы тигіт жобамен салынған, дербес су жүйесі бар облыстағы көрнекті ауылдың бірі болған.

1979 жылы машина сынау стансасы, Талдыарал, Лесхоз, Қалғандария елді мекендері қосылып, Октябрь ауылдық советі болған. Орталығы машина сынау стансасы болып, егін және мал шаруашылығымен айналысқан. 1997 жылы Қызылорда қаласы, Ақсарма ауылдық округі болып өзгертілді. 2017 жылдың 15 ақпанында Қызылорда облыстық мәслихатының №709 санды шешімімен Қызылорда қаласының Ақсарма ауылы «Баймұрат батыр» ауылы болып қайта аталды.

Осы ауылдың құрметті азаматы, Еңбек Қызыл ту ордені, Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын белгісі, Еңбек Ері Амангелді Ахметов 1965 жылдан аймақтық машина сынау станциясының машинисі болған. 1968 жылы ол бірнеше жыл бойы күріш жинау жоспарын асыра орындаған механизаторлар бригадасын басқарған. Бригада әр гектардан 90 центнерден 120 центнерге дейін өнім өндіріп, рекорд жасаған.

Қайта түлеген ауыл

Ауыл әкімі Саттар Бейбітұлының айтуынша, қала әкімі тоқсан сайын ауылдық округтерді аралап, тұрғындардың ұсыныс-тілектері қандай деңгейде атқарылып жатқаны жөнінде талқылайды. Қаржы тарту уақытында ең өзекті мәселе назарға алынып, тізім жасалады. Осы орайда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының көмегі зор.

Аталған жоба аясында Баймұрат батыр ауылына дәрігерлік амбулатория салуға жобалау-сметалық құжаты дайындалып, бытырғы жылдың сәуір айында 422,0 млн теңге қаржы қаралып, мемлекеттік сараптамадан өткен. Осы қаржының 128,0 млн теңгесі бөлініп, мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес, «Бак-Береке» ЖШС жеңімпаз болып танылған. Қазір құрылыс жұмысы басталып жатыр.

Газ жүргізуге жобалау-сметалық құжатын дайындауға 37,6 млн теңгеге ұсыныс берілген. Осы қаржыдан жобалау-сметалық құжатын дайындауға

18,5 млн теңге құрылыс бөлімі арқылы бөлініп, мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес конкурстық хабарлама нәтижесімен «Грант структур инжиниринг» ЖШС жеңімпаз атанды. Қазіргі таңда газ жүргізу жобасы жасалуда.

– Ауылдағы дендропарк қалыпқа келтіріліп, оған 700 дана, мектеп ауласына 400 дана, ауыл әкімдігі ауласына 200 дана көшеттер егілген. Ұзындығы 2,85 шақырым төрт көшенің үшеуіне жарық бағанын орнатуға «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен сараптама жасалып, республикалық бюджеттен қаржысы қаралды. Бүгінгі күні мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес хабарлама беріліп, «Ai-Sultan Company» ЖШС жеңімпаз атанды. Жұмыс шілде айында басталады. Бұған қоса Баймұрат батыр мен Талдыарал елді мекендеріне 5 аялдама орнатуға 6,3 млн теңге қаржы қаралып, шілде айында конкурстық хабарлама берілді, – деді ауыл әкімі.

Мәдениет мәйегі

Елдің мәдени қажетін өтейтін, ауыл халқын өнерге баулитын заманауи тұрғыда салынған 150 орындық мәдениет үйі рухани шараның құтты мекеніне айналған. Зәулім ғимаратты жеке кәсіпкер, қалалық мәслихат депутаты Қайрат Орынбасарұлы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салды.

Жыл басынан мәдениет үйінде ауқымды іс-шаралар өткізілген. Мәселен, ауыл имамы мен жастар арасында дін тақырыбындағы дөңгелек үстел өтсе, мұнан бөлек қыз сыны байқауы, семинар, көптеген мерекелік шаралар өткен.

Өнер шаңырағында «Әуен» ән, «Жұлдыз би», «Маржан сөз» мөнерлеп оқу үйірмесі, «Сыр орда» вокалды аспапты ансамблі, «Сәулем-ай» әжелер ансамблі секілді өнерпаздар бар. Үйірме мүшелері халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық байқауға қатысып, жеңіс тұғырынан көрінуде. Өнерпаз оқушы Гүлнәз Рысбекова «Қазақстан дауысы балалар» мега жобасында өнер көрсетіп, 6000 қатысушы арасынан таңдалып, көрмей таңдау кезеңіне өтіп, 120 қатысушы арасынан үздік деп танылып, Жұбаншұ Жексенұлының тобында өнер көрсетті.

«Жұлдыз» би тобы ІІІ республикалық «Beles» өнер байқауында хореография аталымы бойынша І орын иеленді. Республикалық «Жарқыра жұлдыз» атты өнер байқауында «Маржан сөз» мөнерлеп оқу үйірмесінің мүшесі Назым Нұржанқызы, «Әуен» ән үйірмесінің мүшесі Гүлнәз Рысбекова, «Жұлдыз» би үйірмесі бас жүлдеге лайық деп танылды. «Шәкәрім оқулары» атты қалалық байқауда Інжу Әділхан І орын алып, жеңіс тұғырынан көрінді.

100 орындық «Ина-Жан» балабақшасы 2016 жылы ашылған. Балабақша менгерушісі Жанат Әбішованың айтуынша, мұнда 3-6 жас аралығындағы балалар тәрбиеленуде. Балабақша құрылтайшысы – жеке кәсіпкер Ғалия Әбішева. Кәсіпкер 28 ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Заманауи үлгіде жабдықталған ғимаратта балаларға жақсы жағдай жасалған.

Мәдениет үйінің ішінде кітапхана орналасқан. Кітапханаға келушілер қарасы қалың. Мен де ішіне бас сұғып, тұрғындардың кітап оқуға деген қызығушылығын байқадым.

– Ауыл тұрғындары бір сәт осында келіп кітап оқығанды жақсы көреді. «Коворкинг» орталығында түрлі іс-шара өтеді. Кітап қоры – 22196 дана. Оның 9801 данасы қазақ тілінде. Тұрақты 700-ден аса оқырман жиі бас сұғып, өзіне қажетті дүниелерді іздейді. Жастар арасында әдеби кітаптарға үлкен сұраныс бар. Сонымен қатар кітапты үйіне апарып беретін де карт оқырмандарымыз бар, – деді кітапхана менгерушісі Әлия Жылқайдарова.

Өнерпаз әжелер

Мәдениет үйі жанынан ашылған «Сәулем-ай» әжелер ансамблі 2017 жылы құрылған. Қазіргі уақытта ансамбльдің жетекшісі Макпал Қалданова бірнеше жылдан бері ақ жаулықты аналармен жұмыс істеп келеді. Құрамында 11 өнерпаз бар. Ансамбль құрылған жылы халық әні «Ахау керім», «Айналдым елім», «Туған жер», «Бүлдірген», Ш.Қалдаяқовтың әндерінен попури орындап, көрермендер көзайымына айналды. Уақыт өте ансамбльдің репертуары толығы түсіп, олардың орындаған әні халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі байқауларда шырқалды. 2021 жылы Алматы қаласында «АРТ ЭМПАЙР» өнер орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Думанды елім» атты халықаралық жобадан әжелер ансамблі бас жүлдемен оралды. Ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай өткізілген «Жырлайды жүрек» атты ІҮ халықаралық өнер байқауында және «Тайжарыс-Талант» қоғамдық қоры және қазақ радиосы ұжымының ұйымдастыруымен өткізілген «ART Taim» атты ән-жыр конкурсында әжелер тобы Алматы қаласынан қос бірдей бас жүлде алып, ел мерейін өсірді. 2022 жылдың наурыз айында ансамбль Әзірбайжан мемлекетінің Баку қаласында өткен «Баку шамдары» атты халықаралық байқауынан вокал номинациясы бойынша жүлделі І

орынға және Польша мемлекетінде өткен «2022 жылғы дігі таланттар» атты дарындылық калейдоскопының халықаралық конкурсында әжелер ансамблі вокал номинациясы бойынша ІІ орынға және Көкшетау қаласында өткен республикалық жазғы шығармашылық «Bugabay fest» фестивалінде бас жүлдемен марапатталды. Өнерпаз әжелер қазіргі таңда ауылымыздың қоғамдық жұмысына белсене араласып, немере де бағып, ән де шырқап, түрлі байқаудан



Ауылдағы дендропарк қалыпқа келтіріліп, оған 700 дана, мектеп ауласына 400 дана, ауыл әкімдігі ауласына 200 дана көшеттер егілген. Ұзындығы 2,85 шақырым төрт көшенің үшеуіне жарық бағанын орнатуға «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен сараптама жасалып, республикалық бюджеттен қаржысы қаралды. Бүгінгі күні мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес хабарлама беріліп, «Ai-Sultan Company» ЖШС жеңімпаз атанды. Жұмыс шілде айында басталады. Бұған қоса Баймұрат батыр мен Талдыарал елді мекендеріне 5 аялдама орнатуға 6,3 млн теңге қаржы қаралып, шілде айында конкурстық хабарлама берілген.

Бетті әзірлеген Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

БЕСІК ЖАСАУ – БЕРЕКЕМЕЛІ ІС

Қала тұрғыны Жібек Қожахметованың кәсіпкерлік саласында жүргеніне 15 жылдан асқан. Тұрмысқа қажетті жиһаз өндіруді қолға алған ол жұбайы Айтбай Қожахметовпен бірге отбасылық кәсіпті дөңгелетіп келеді. Осынша уақыт жиһаз өндірісін жолға қойған олар бесік жасап, сатылымға шығаруды жөн көріпті.

– Жиһаз өндірісімен айналысқанымызға 15 жыл уақыт болды. Жұбайым 17 жасынан бастап жиһаз жасайды. Кезінде «Сыр жиһазы» аталған өндіріс ошағы оның бұл жолдағы алғашқы баспалдағы деуге болады. Менің мамандығым – сызу және бейнелеу пәні мұғалімі. Заманның қиын кезеңінде мұғалім мамандығын дизайн саласына ауыстырдым. Мен де «Сыр жиһазында» дизайнер болып еңбек еттім. Жолдасыммен сонда танысып, отбасын құрдық. Кейін бірге отбасылық кәсібімізді ашуға ниеттеніп, сол мақсатта іздене бастадық. Қазір «Алтын ағаш Қызылорда»

Басы 1-бетте

ЖШС құрылып, қала тұрғындарын үй жиһазымен қамтамасыз етудеміз, – дейді Жібек Нұрмағанбетқызы бізбен әңгімесінде.

«Тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің» демеуші ма еді, халқымыз. Жас та болса өз ісін бастауға деген құлшыныстың, мақсатқа жету жолындағы маңдай тердің нәтижесінде кейіпкерлеріміз қалада жиһаз жасайтын өндіріс ошағын ашып, бүгінде өз тұтынушысы қалыптасқан мекемеге айналған.

Өз кезегінде кәсіпкерлердің бесік жасау ісін қалай бастағанын сұрадық. Күрделі ірі жиһаздарды жасап шығарғанымен, бесік жасаудың жауапкершілігі бір бөлек. Әрі оның өзіндік жасалу жолы бар.

– Бесік жасау жолдасымның сүйікті ісі. Жас кезінде жақын туыстарының сәбилеріне бесік жасаған екен. Кейін үлкен жиһаздарға сұраныс артып бірінғай жиһаз жасаумен айналысты. Алайда кейін бесік жасауды қайта жандандыруды жөн көріп, 2017 жылдан бастап

бесік жасауды қолға алдық. Ол тұста тек тапсырыспен екі, үш бесік ғана жасайтынбыз.

Кейін бесік сатушыларға көтерме бағамен сататын болдық. Жақында бесік жасау үшін арнайы цех ашып, мемлекеттің қолдауымен жеңілдетілген несие алып заманауи құрылғылармен жабдықтадық. Солай бесік жасау ісі біршама оңтайландырылды, – дейді кейіпкеріміз.

Мұндағы бесіктердің ерекшелігі салмағының жеңілдігінде. Ал бесікке қажетті қарағай, қайың ағашы сынды шикізатты Алматы қаласынан алдырады. Одан бөлек, ағаш өнімдерін жергілікті жерден сатып алады. Бүгінде «Элит бесік» атауымен танымал дүкеннің өніміне қазақы ою ойылып басылған әрі заманауи үлгіде жасалған. Дүкенде жиналмалы бесік те бар. Алайда оны тек арнайы тапсырыспен ғана жасайды екен.

– Көбіне қарапайым бесікті алады. Жиналмалы бесікке жолда алып жүргенге,



пайдаланбайтын кезде жинап қоюға өте ыңғайлы болғандықтан қызы алысқа ұзатылған немесе көпқабатты үйдің тұрғындары тапсырыс береді. Ал бағасы бірдей, – дейді кәсіпкер.

«Элит бесік» дүкенінде цехтан шыққан өнімдер сатылады. Сонымен бірге балаға қажетті өзге де жабдықтар бар. Бір ерекшелігі кейіпкерлеріміз тек бесік жасап қоймай, оған қажетті жөргек, құс жастық, көрпе, жаялық, жабу сынды жабдығын да өздері тігеді. Расымен, мезгілге сай түрлі матадан тігілген жабдықтар көздің жауын алады.

Отбасылық кәсіпті жүргізіп отырған кейіпкеріміз әңгіме барысында кей тұрғындардың ісіне іштей қынжылатынын да жасырмады. Яғни бесікті киелі санаған халқымыздың бүгінгі ұрпағы баланың ақ атауын далаға тастауы еді. Иә, кей тұрғындардың мұндай әрекеті соңғы кездері жиі көрініс табады. Әлеуметтік желілерде бесікті қоқысқа тастағандардың әрекеті көпшіліктің наразылығын тудыруда. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде мұндай жағдайдың орын алуы өкінішті-ақ.

– Өзім бірнеше рет бесіктің коқыста жатқанын байқадым. Көбісі көне, тозығы жеткен деп тастайтын болар. Бірақ бесіктің киесі барын ұмытпау керек. Мұндай көріністі көргенде қорықпай тастағандарына таңғаламын. Алдағы уақытта осындай берекесіздік болмаса екен деген ниетпен көне бесіктерді қайта өңдеуден өткізсем деген жоспарым бар. Әзірге ойдағы мақсатты іске асыру үшін ізденістемін. Сәтін салып бұл істі де қолға алсақ, қасиетті бесігіміз коқыста жатпайтын шығар, – дейді ренішін білдірген кәсіпкер.

Бүгінде кәсіпкер бесік жасауда 7 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ұлттық мұрамызды заманға сай жаңғыртып, кәсіп аясын кеңейтуге мемлекеттің қолдауы да сеп болғандай. Қолдан келер істі уақыт талабына сай жүзеге асырып, үйлестіре білген Қожахметовтер осылайша өндіріс ошағын ашып, өзіміздің өніммен қамтамасыз етуде. Қазір олар жасаған бесік ел аумағынан бөлек, Өзбекстан, Италия, Испания елінде қолданыста жүр.

Айдана СЕЙІЛ,
Суретке түсірген Н.НУРЖАУБАЙ



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ...

Әке меңірімі

Неге жанымызға жақын адамдармен түскен сурет аз? Неге олар жайлы жиі айтпаймыз? Себеп біреу ғана секілді, қымбат болғандықтан құпия қазынадай жүрекке сақтаймыз, бүкіл әлемнен қызғыштай қорғаймыз.

Ішімізде бір-бір құпия сандық бар. Әкем жайлы әңгімелегім келгенмен, қалай, неден бастарымды білмей отырмын.

Мен үйдің тұңғышымын. Әкемнің тәтесі Мәскеуге тұрмысқа шыққан, сонда тұрады. Мен тәй-тәй басқан уақытта әкем сонда жұмыс істеп жүрген. Вахтасы бітіп, үйге келген сайын маған ойыншықтар алып келеді. Жұмсақ аю, жолбарыс, маймыл, бойы қысқа, ұзын барбі, не керектің бәрі бар. Қысқасы,

Мен үйдің тұңғышымын. Әкемнің тәтесі Мәскеуге тұрмысқа шыққан, сонда тұрады. Мен тәй-тәй басқан уақытта әкем сонда жұмыс істеп жүрген. Вахтасы бітіп, үйге келген сайын маған ойыншықтар алып келеді. Жұмсақ аю, жолбарыс, маймыл, бойы қысқа, ұзын барбі, не керектің бәрі бар. Қысқасы,

әкем келсе, бай адаммын. Біздің бала кезде қар қалың жауатын. Бойын 2 метр етіп аққала жасаймыз, шанамен сырғанаймыз. Әкем сіңлім екеуімізге екі шана жасап, кезек-кезек сырғанатады.

3-4 сынып оқитын кезім. Анама ота жасайтын болып, он шақты күн аудандық ауруханада жатты. Бұрын анасынан ажырамаған бала үшін бұл да бір сынақ. Күнде танертең оятып, шашымды әлемілеп, әр күні түрліше өріп беретін адам жок. Анаң болмаса, үйдің аурасы бұзылатыны бар. Әкем аздаңа сүтті ысытып, нан турап қояды. Аш кетпесін дегені. Шашымды да өзі өріп берді екі апта бойы. Бірде қисық, бірде арасынан шаш шығып қалады, қысқасы анамдыкіндей емес. Көңілден шықпағанын білдіріп бұртынып отырам. Көрші тұратын кластасыма әкемнің өргенін айтсам, «әдемі ғой» деп таңғалды. Содан кейін бұртимайтын болдым.

Үйге анда-санда ғана баратын болып, бірде оқу, бірде жұмыспен жүретін есею кезеңіне өткелі бері отбасыңмен түгел отырып, еш уайымсыз, болмайтын нәрселерді сөз етіп, ауылды әңгімелеп шай ішу – шынайы бақыт.

Ауылда әр жұмдан бастап қылдырыс та, кіріп шығатын үйлер де көбейген. Демалысқа баратын біз үшін қуантарлық жайт емес, әрине. Ал әкемнің үйде анам жок болса, шай ішпейтін әдеті бар. Ондайда шәйнек тізгіні үш қызының біріне тигенмен, анамның жігіті бір кеседен артық ішпейді. Біздің шай ұнамай ма, әлде анамның шайы тәттірек пе, түсініксіз. Әйтеуір, ұлап-шұлап, әрнені сөз етіп, маманмен шай ішкенді жөн көреді. Тіптен сағаттап отыра береді.

Жаңа жылда аяз атадан сыйлық алу үшін барынды салатын мектеп кезі. «Ең әдемі образ», «ең әдемі сурет» деген қосымша номинацияларға да сыйлық беретін еді. Сонымен жыл сайын желтоқсанда суреттің жыры басталады. Үлкен плакат әкеліп, әкемнің алдына тастаймын. Жұмыстан келсе де, шаршап отырса да, салып береді. Өйткені қалайда сыйлық алуым керек. «Ең әдемі сурет» менікі болуы керек. Ол кезде телефон да, интернет те жоқ. Газет-журналдан аяз ата мен бұғылардың өзіме ұнаған суретін әкеп, дәл соны салуға «тапсырыс» берем. Саясатым сәтімнен жүзеге асып, сыйлыққа ие болғаным да бар. Шынымен өзім салғандай қуанамын. Апайлар да соған сенгендей болады.

P.S. Жақында «Қызым дүниеге келгелі күйеуімді танымай қалдым. Мүлдем өзгеріп кеткен, еркелеткенін көрсен» деген постқа көзім түсті. Меніңше, олар өзгермейді, тек шынайы қалпына оралатын секілді.

Дина БӨКЕБАЙ

Ата мен әженің қызы болу – әке-шешенің баласы болудан биік тұратын атак. Ананның үсті-басың лас болмасын деп қайта-қайта ауыстыратын киіміне қарамай, асыр салып топыраққа шомылып келесін. Ол ашуланады. Жанына жақындап келе жатқанда-ақ жүзінен соны байқайсың да, жарықтың жылдамдығына салып, атаның не әженің құшағына барып тығыласың. Мұндай кезде ең қауіпсіз орын – ата-әженің құшағы. Әрі қарай

Бір насыбай бақыт

анамның маған жақындауға батылы бармай, өз жөнімен кете барады. Иә, сол үшін де әлі күнге дейін ата-әженің құшағын аңсайтын шығармыз? Тонсаң, жылытатын, қашсаң, құтқаратын, тойға барса, алдына алып отыратын, жылы-жұмсағын саған арнап «тығып» жүретін құшақ. «Кімнің баласысың?» деген сұрақ ең көп қойылатын сұрақ еді ол кезде. Алдымнан шыққан адам баласының қай-қайсысы да соны білмекке құштар. Ал жауап жалғыз. «Атаның баласымын». Әрі қарай диалогтың қалай өрбитінін жатқа білем. – Атаның аты кім? – Бөкебай. Атам үнемі газеттен жаңалық оқып отырады, одан бөлек кітапты да жақсы көруші еді. Өзі балажан. Өмірдің бір қызығы бала дейді ме... Ал бала үшін өмірдің қызығы атасының пенсиясы екенін басынан өткендер ғана түсінер. Айдың соңына қарай түсетін пенсияны асыға күтетіннің бірі менмін.

Қолына таяғын ұстап, поштанаты маңына пенсия алуға жиналған шал-кемпірлермен қауқылдасып, өткен-кеткенді сөз етіп қайту атам үшін де бір ермек секілді. Кейде үйдегі үлкендер әкеп береді. Не керек, «айлығы» қолына тигенін білетін мен атамның бұйрығын күтіп жүремін. Ол не бұйрық десеніз, дүкеннен бір не екі қалта насыбай сатып әкелу. Жағдайға қарай оның да саны өзгеріп тұрады. Бірақ біреуін ғана алдырса екен деп тілеймін мен. Себебі насыбайы таусылса, атам қайтадан мені жұмсайды ғой. Ал маған берілетін жолақы – 25 теңге. Атам әр насыбай алдырған сайын бір стаканчик балмұздақ жеймін. Тағы да насыбайы таусылса, тағы да мені жұмсаса деп жүремін.

Сондағы бір стаканчик сыйлайтын бақытты айтсаңыз! Қолымда әлемдегі ең қымбат машинаның кілті бардай, аялай ұстап әрі ерітіп алмайын деп келемін. Тез тауысып тастағым да келмейді. Үйге жеткенше тауысып тастайтыным белгілі. Есесіне ерекше бақытты күйде боламын. Арада он шақты жыл өтті. Дәл қазір стаканчиктің бағасы 200 теңгедей тұрады. Алайда оны сатып алу үшін атамның «айлығын» күтпеймін. Тіпті күн сайын бір-нешеуін алып жесем де, айына бір рет ғана қолым жететін бала кездегі балмұздақтың дәмін сағынамын. Атам сыйлайтын бір насыбай бақытты қайта сезінгім келеді.

Д.БӨКЕБАЙ

Меншік несі:  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018, 1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Алғашына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3099 Тапсырыс №1139 Нөмірдің кезекші редакторы Айдаана СЕЙІТ
--	--	---	--	---

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ